

FTAMP 15.01.07

<https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v86.i3.05>**Ж.М. Молбасынова*** , **Н.К. Тоқсанбаева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: zhuma.maratovna@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІН ДАМУЫ ӘРЕКЕТІНДЕ СЫНИ ОЙЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Мақалада жаңаша дәстүрлер мен трендтерге ілесе алатын зияты жоғары тұлғаның субъектілік әрекетінде эмоциялық интеллектін дамыта отырып, сыни ойлаудың психологиялық қатынасын қалыптастыруға бағытталған теориялық-әдіснамалық негіздері зерделенген. Осы бағытта психологиялық-педагогикалық, философиялық әдебиеттерге жасалған шолу арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуға сыни ойлаудың қатынасын теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік беретін «ойлау», «эмоция», «эмоциялық интеллект» және «сыни ойлау», «интеллектуалдық қабілет», «интеллектуалдық үдеріс» ұғымдарына түсініктеме берілді.

Зерттеу барысында синергетикалық, мотивациялық, когнитивтік әдіснамалық тұғырларды негізге алып, оқушылардың эмоционалдық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық қатынасын айқындауға ықпал ететін жеке тұлғаның психикалық әрекеттерінің интеллектуалдық үдеріс қатынасының құрылымы жасалып, жеке тұлғаның қабілеті, сыни ойлауы, ой-өрісі, қарым-қатынасына қатысты ұғымдардың кіріктірілген сызбасы бейнеленді.

Автор мақалада зерттелген теориялық-әдіснамалық тұжырымдар мен пайымдаулар арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық механизмі нақтыланды. Оның негізінде ұйымдастырылған тәжірибелік-эксперимент нәтижелері оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлау әрекетін қалыптастыру әдістемесі және оқушының эмоциялық интеллект деңгейлерінің динамикасы көрсетіліп, бақылау және бағалау әдістемесінің тиімділігі дәлелденді. Зерттеудің ғылыми нәтижелері ретінде оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытудағы сыни ойлаудың психологиялық механизмдер қызметі арқылы олар табысты білім алуға деген ұмтылысы жоғарылап, қарым-қатынасқа түсу үдерісінде өз эмоциясын реттеуге бағыт-бағдар алатыны көрініс тапты.

Түйін сөздер: интеллект, ойлау, эмоция, эмоциялық интеллект, сыни ойлау, интеллектуалдық үдеріс, таным әрекеті.

Zh.M. Molbassyнова*, N.K. Toxanbayeva
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: zhuma.maratovna@mail.ru

Interrelation of the psychological mechanisms of critical thinking on the development of emotional intelligence in students' activities

The article examines the theoretical and methodological foundations of critical thinking in order to develop emotional intelligence in the subjective activity of an intellectual person in interpretation with new traditions and trends. The concepts of "thinking", "emotion", "emotional intelligence", "critical thinking", "intellectual abilities", "intellectual process" were disclosed, allowing to theoretically substantiate the relationship of critical thinking to the development of emotional intelligence of students through a review of psychological and pedagogical, philosophical literature.

In the course of the study, the structure of the correlation of intellectual processes of mental actions of the personality was developed, contributing to the definition of the psychological attitude of critical thinking in the development of emotional intelligence of students. The considered methodological approaches as synergetic, motivational, cognitive allowed to substantiate the integrated scheme of concepts, and abilities of critical and logical thinking and communication of personality.

The author clarified the psychological mechanism of critical thinking in the development of emotional intelligence of students through theoretical findings and judgments studied in the article. The results of the experimental work showed the effectiveness of the proposed method of formation of critical thinking activity in the development of emotional intelligence of students, resulting in the dynamics of levels of control and evaluation of emotional intelligence of the student.

The scientific results of the study were the fulfilled functions of the psychological mechanisms of critical thinking in the development of emotional intelligence of students, in the process of which they increased the desire for successful learning and acquired skills to regulate their emotions in the process of communication.

Key words: intellect, thinking, emotions, emotional intelligence, critical thinking, intellectual process, cognitive activity

Ж.М. Молбасынова*, Н.К. Тоқсанбаева

Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: zhuma.maratovna@mail.ru

Взаимосвязь психологических механизмов критического мышления с развитием эмоционального интеллекта в деятельности учащихся

В статье изучены теоретико-методологические основы критического мышления с целью развития эмоционального интеллекта в субъектной деятельности интеллектуальной личности в интерпертации с новыми традициями и трендами. Раскрыты понятия «мышление», «эмоция», «эмоциональный интеллект», «критическое мышление», «интеллектуальные способности», «интеллектуальный процесс», позволяющие теоретически обосновать отношение критического мышления к развитию эмоционального интеллекта учащихся посредством обзора психолого-педагогической, философской литературы.

В ходе исследования была разработана структура соотношения интеллектуальных процессов психических действий личности, способствующая определению психологического отношения критического мышления в развитии эмоционального интеллекта учащихся. Рассмотренные методологические подходы, как синергетический, мотивационный, когнитивный позволили обосновать интегрированную схему понятий, и способностей критического и логического мышления и общения личности.

В статье структурирован психологический механизм критического мышления в развитии эмоционального интеллекта учащихся посредством теоретических выводов и суждений, изученных в статье. Результаты опытно-экспериментальной работы показали эффективность предложенной методики формирования критической мыслительной деятельности в развитии эмоционального интеллекта учащихся, в результате которого получена динамика уровней контроля и оценки эмоционального интеллекта учащегося.

Научными результатами исследования явились выполняемые функции психологических механизмов критического мышления в развитии эмоционального интеллекта учащихся, в процессе которого у них повысилось стремление к успешному обучению и приобретены навыки регулирования своих эмоций в процессе общения.

Ключевые слова: интеллект, мышление, эмоции, эмоциональный интеллект, критическое мышление, интеллектуальный процесс, познавательные действия.

Кіріспе

Адамның эмоциялық интеллектінің дамуы қазіргі психологияның өзекті мәселелерінің біріне айналуда. Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру мекемелерінің негізгі міндеті әрбір білім алушының қабілеттерін анықтай отырып, жоғары технологиялық әлемде өмір сүруге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылы жасаған Жолдауында: «Оқу мен оқушылардың дамуының басқа түрлері арасындағы салауатты тепе-теңдік маңызды. Әлемдік үрдістерді ескере отырып, математика, тілдер және информатика сияқты басым пәндерге ерекше назар аудару қажет. Оқушылардың білімін халықаралық ба-

ғалау мектептердегі білім сапасының жүйелі түрде нашарлауы, ұлттың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей қауіп. Түбегейлі шаралар қажет», – деп айтқан. Сонымен қатар Президент 2023-жылы 11-қаңтарда ҚР парламент мәжілісінде «Жаңа Қазақстан – бұл зияткерлік жастардың жаңа идеяларын іске асыру және еліміздегі жаңа технологиялық процестердің ілгерілеуі» атты баяндамасында: «Жаңа Қазақстан» – бұл азаматтық қоғам құрудағы қоғамдық институттар мен үкіметтік емес ұйымдардың батыл бастамаларын іске асыру, әлеуметтік-ресурстық проблемаларды дана шешу, елдің әл-ауқатын едәуір арттыру, зияткерлік жастардың жаңа идеяларын қолдау және елдегі жаңа технологиялық процестерді ілгерілету!», – деп үндеу тастайды (Тоқаев, 2023).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Президент жолдауларындағы басты идеяны басшылыққа ала отырып батыл бастамаларды іске асыруда сыни ойлай отырып, дана шешім қабылдай алатын, зияты жоғары тұлғаны қалыптастыруымыз қажет.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялық ақпарат құралдары ұлғаюда және жеделдетілген жүйеде білім алып, ол білімдерін күнделікті өмірде қолдану, сыни ойлау тұрғысынан әрекет ете отырып, эмоциялық интеллектілерін игеру мәселесі күрделене түсуде дегенді білдіреді.

Зерттеудің мақсаты: оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық қатынасын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан зерделеу.

Зерттеу нысаны: эмоциялық интеллектін сыни ойлау арқылы дамыту үдерісі

Зерттеу пәні: сыни ойлаудың психологиялық қатынас механизмі

Зерттеудің міндеттері:

1. Оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық қатынасын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу.

2. «Ойлау», «эмоция», «эмоциялық интеллект» және «сыни ойлау», «интеллектуалдық қабілет», «интеллектуалдық үдеріс» ұғымдарына түсініктеме беру.

3. Оқу үдерісінде оқушылардың сыни ойлау арқылы интеллектуалдық үдеріс қатынастарының психологиялық құрылымының мазмұнын сипаттау.

4. Оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық механизмін жасау.

5. Оқушының сыни ойлаудың психологиялық механизмі арқылы эмоциялық интеллектінің өсу динамикасын бақылау және бағалау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің теориялық негізі ретінде Л.С. Выготский еңбектерінде оқыту мен дамудың арақатынасы туралы психологияның синергетикалық тұғырларына сәйкес негізгі тұжырымдар пайымдалған. Әйгілі психолог С.Л. Рубинштейн психикалық құбылыстардың табиғи тәуелділігі ретінде детерминизм принципіне сүйене отырып, түсіндірмелер береді. А.Н. Леонтьевтің психикалық дамудағы іс-әрекеттің рөлі туралы, Б.Ф. Ломовтың психиканы зерттеудегі жүйелілік принципі, субъектіні түсінудегі субъективті-белсенді тәсіл туралы (К.А. Абульханова

– Славская, С.Л. Рубинштейн, А.В. Брушлин) қағидалары алынады.

Л.С. Выготскийдің психология ғылымында ерекше орын алатын теориясы бала дамуының жақын арадағы аймағы деп аталады. Дамудың жақын зонасы – психикалық дамудың мүмкіндіктері, адамға сырттан минималды көмек беру арқылы алынады. Дамудың жақын зонасы – айналадағы адамдардың кішігірім көмегі мен де-меуінің негізінде балада айқындалатын және соларды пайдаланып оның шынайы дамуына мүмкіндіктер ашатын орта. Дамытатын күштер – балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ересектердің өз алдына қойылатын мақсаттары, яғни баланың өзін-өзі жетілдірудегі қажеттіліктерін саналы қабылдай алу әрекеті болып табылады (Нысанбаев, 2005:464).

С.Л. Рубинштейн «Адам санасы іс-әрекет үстінде қалыптасады, сана мен іс-әрекет ылғи бірлікте болады» деген концепциясы мен психологиядағы детерминизм (себептілік) принциптің мәні психология ғылымының зерттеу саласының теориялық-әдіснамалық негізі болып саналады. А.Н. Леонтьев 1920 ж. адамның дамуындағы іс-әрекеттің (құрылымы, мотивтері), әсіресе заттық іс-әрекеттің рөлін жан-жақты әрі терең зерттеген ғалым. Жеке тұлғаның мәнін түсінуге жүйелі көзқарасты дамыта отырып, Б.Ф. Ломов жеке тұлғаның дамуындағы әлеуметтік және биологиялық қатынастардың күрделі мәселесін шешу жолдарын көрсетті. Психикалық құбылыстарды зерттеудің кешенді және жүйелі тәсілдерін біріктіріп, адамның зерттеу объектісі ретіндегі тұтастығы және оны жан-жақты зерттеу қажеттілігі туралы идеяға сүйене отырып, психикалық құбылыстардың әдіснамалық негіздерін жүйелілік принциптер арқылы алға тартты (Жарықбаев, 2006:384).

Субъект категориясы (К.А. Абульханова – Славская, С.Л. Рубинштейн, А.В. Брушлинский) субъектінің сапалық жағынан әр түрлі ұғымдарының шекті жалпы критерийлері негізінде интеграцияға қызмет етті. Субъективті-белсенді тәсіл субъектінің сапалы қасиеттері мен белсенді механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Субъектің дамуы – мағыналы өмір сүруде жақсылыққа ұмтылуында, идеал тұрғысында өзін-өзі жетілдіруінде, өзін-өзі үнемі дәлелдеуі арқылы анықталады (Абульханова-Славская, 2005:21).

Оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда жеке тұлғаның дамуында өзін-өзі бақылауға бағыттап, әлеуметтік қырағылықты сақтап, қарым-қатынасты басқаруда ақыл-ойымен табиғи байланысын, сана мен іс-әрекет бірлігін

психикалық даму іс-әрекетін сыни ойлаудың психологиялық қатынасының әдіснамалық негіздерін айқындайтын тұғырлар мен принцип-

терді, әдістерді ашып көрсету қажеттілігі туындап, оны жан-жақты қарастыру негізге алынды. Ол 1-сурет арқылы сипатталды.



1-сурет – Жеке тұлғаның психикалық даму әрекеті

Суретте безендірілген жеке тұлғаның психикалық даму әрекеті оның белгілі ортада жаңа қасиеттерге ие болуына әлеуметтік қырағылығы жатады. Қырағылық негізінде тұлға өзінің табиғи мүмкіндіктерін ақыл-оймен ұштастырып, ортада өзгелермен бірлесе отырып жүзеге асыратын сана мен әрекеттің бірлігі арқылы қарым-қатынасты басқаруы құнды элемент ретінде бағаланады. Мұндай қарым-қатынасқа түсу жолдары оның өзін-өзі бақылауға, психикалық құбылыстармен биологиялық қатынастарға түсуі жоғары нәтижеге ие болуға жол ашады.

Жеке тұлғаның психикалық даму әрекетін жан-жақты қарастыруда оның эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық қатынасын анықтайтын әдіснамалық тұғырларды анықтау қажет болды. Алға қойылған мақсат-міндеттеріне қол жеткізу үшін, білім берудегі сыни ойлау іс-әрекеті әдіснамасын Ш.Т. Таубаеваның еңбектеріне сүйене отырып, мына құрылымды негізге алдық: *құрылымдық-қызметтік тұғыр* әлеуметтанудан, *құрылымдық тұғыр* – лингвистикадан, *жүйелік тұғыр* – жаратылыстанудан алынған, синергетикалық тұғыр – психологиялық қиындықтар мен кедергілерді жеңу, оларды күрделі жүйе арқылы шиеленісін іздестіру бағытынан алынған. Осы тұғырларды психологиялық және педагогикалық түсіндіру пәнаралық әдіснаманы жасау факторы болып табылады (Муратбаева, 2021:17).

Осы әдіснамалық тұғырларды қарастыра отырып, оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық қатынасын нақтылайтын төмендегідей тұғырларды сәйкестендіріп алдық. Олар:

- синергетикалық;
- мотивациялық;
- когнитивтілік.

Синергетикалық тұғырдың психологиялық аспектелерін ашып беруде, ғалымдар П. Анохина, Е. Князев, С. Курдюмова, Н. Моисеева, Д. Мехонцева, қазақстандық ғалымдар З.Ж. Жаңабаев, М.С. Каракулова ұсынысы бойынша бірден-бір ерекшелігі, оның кейбір психологиялық жағдаяттардың шешімін іздестіруге ықпал ететіндігінде. Сонымен қатар, іргелі зерттеулерге қатысты күрделі жүйелерді ажыратуға, әлеуметтік ортада өз идеяларын алға тартуға себеп болатын үйлесімділігінде.

Синергетикалық тұғырдың психологиялық аспектілерін қарастыруда даму принципіне негіздеген әдістерді ұсынылады. Бұл жағдайда, жүйелі сызықтық емес заңдар негізінде туындаған мәселелер шешімдерін іздестіруде, тұлғаны әрекет етуге бағыттайды. Мұндай әрекеттер тұлғаның дамуында көп қырлы және альтернативті таңдау жасауға мүмкіндік береді. Сыни ойлаудағы көп қырлылық тұлғаның жетістікке жету жолындағы өз бетінше шешім қабылдап, әрекет етуінің басты шарты десек болады. Осыдан

туындайтын білім, синергетикалық тұғырдың негізі педагогикалық-психологиялық үдерісті тиімді басқару факторы ретінде айқындалуында. Сонымен қатар, өзін-өзі дамытуға ғана ықпал етіп қоймай, энергияның немесе ақпараттың сырттан келуіне байланысты жеке ішкі жүйелерінің мүмкіндіктерін пайдалану есебінен жүзеге асыру мүмкіндігі туындайды (Соловьянюк-Кротова, 2013:308).

Мәселен, *синергетикалық тұғырды* негізге алуда, оқытушы оқытуды басқара отырып, белгілі бір сыни шешімді қажет ететін іс-әрекет алгоритмін ұсынып, оқушының ендігі атқаратын қызметін нақтылауға бағыт берілуінде. Осылайша, синергетикалық тұғырдың маңызды принципі – өзара әрекеттесу және өзара қолдау принципі арқылы жүзеге асырылады. Біздің зерттеуімізге қажетті мәселе осы жағдаймен шешімін табады. Яғни, оқушының эмоциялық қабілеті сыни ойлау арқылы жеке шығармашылық әрекетке бағытталып, тұлғаның ой-өрісінің дамуына және білім алушылардың өзара қарым-қатынасының жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Психология ғылымында *мотивациялық тұғыр* жеке тұлғаның күйі мен қарым-қатынасын өзгерту процесі ретінде нақты әрекет етуге бағыттайды. Мотивтер қажеттіліктер мен мүдделердің, ұмтылыстар мен эмоциялардың, көзқарастар мен идеалдардың өзара байланысында әрекет етеді. В.А. Соловьева іс-әрекеттегі мотивтерді жаңартудың психологиялық жағдайларына, мысалы, іс-әрекеттің сәтті болу ықтималдығына, мотивтің динамикалық және мазмұнды компоненттерінің арақатынасына әсер етуіне байланысын қарастырды. Тұлғаның іс-әрекеттегі позитивті мотивтерінің механизмдерін зерттеп, мәселелерді шешудегі өзбеттілік қатынасты пайымдады (Соловьева, 2008:59). Мотивация тұлғаның негізгі жеке психологиялық сипаттамасы ретінде адамның ақыл-ойы мен табиғи байланысының әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі белсенділігі аралық буын болып табылатын қасиет болып табылатындығында. Оқушының сыни ойлауында мотивация интеллектуалдық инициативамен және танымдық қызығушылықпен шартталған. Аталған шарттар оқушыны түрлі жағдаяттарда мақсатты әрекет етуге, пікірталасқа түсіп, өз ойын ашық айтуға, танымдық мәселені шешудің бірнеше нұсқасын таба отырып, өзін-өзі тексеру, жеке танымдық және практикалық әрекеттерді талдау жағдайларын жасайды. Мотивтер — оқушыны оқуға, әрекет етуге, іс-әрекет жасауға итермелейтін себептер болып табылады.

Психологиядағы *когнитивті тұғыр* тұлғаны «түсінуші, талдаушы» деп қабылдайды. Зерттеушілер когнитивті тұғыр арқылы ойлау мен сананы эмоцияның негізгі себебі немесе құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Теориялардың екі үлкен тобын ажыратуға болады: «Мен» теориялары (А. Комбс, К. Роджерс) және танымды эмоцияның құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын теориялар (С. Шехтер, М. Арнольд). «Мен» теориясына қарағанда таным «Мен» бейнесімен неғұрлым көп байланыста болса, эмоциялар соғұрлым көп қатысады. Теориялардың екінші тобы адамды рационалды болмыс ретінде қарастырумен сипаттайды. Сондықтан, адам түсінуге, бағалауға, қолдануға болатын ақпараттар әлемінде өмір сүреді. Адамның әрекеті үш компоненттен тұрады: әрекеттің өзі, ойлар, белгілі бір әрекетті орындау кезіндегі эмоциялық сезімдерінен (Бобкова, 2016:8).

Когнитивті тұғырда интеллектуалды және ойлау әрекеті адамның мінез-құлқына әсері баса көрсетіледі. Дж.Келли когнитивті тұғырдың негізін қалаушы ретінде, кез-келген адам өзінің жеке тәжірибесінің әлемін түсінуге, түсіндіруге, болжауға және басқаруға ұмтылатын, бұрынғы жинақтаған тәжірибесіне сүйене отырып қорытынды болжам жасайтын зерттеуші деп санайды. Эмоциялар ерекше өтпелі болып саналады. Объективті шындықты әр түрлі жолмен жан-жақты қарастыруға болады, мәселен сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектін дамытуда болашақты болжауда, күтілетін нәтижелеріне жоспарлар құрып гипотезалар құру мүмкіндіктері туындайды (Келли, 2000:249).

Бүгінгі таңда эмоциялық интеллектінің теориясы нақтыланып, оның қабілетін, құзыреттілігін, жүйелілігін психолог ғалымдар Д. Майер мен П. Сэловей қарастырған. Эмоционалды интеллектіге анықтама беру үшін, оның компоненттерін бөліп көрсеттік.

Интеллект дегеніміз (лат.т. *Intellectus*-түсіну, таным) – таным, түсіну және мәселелерді шешудің жалпы қабілеттері. Интеллект ұғымы адамның барлық танымдық қабілеттерін біріктіреді: сезім, қабылдау, есте сақтау, бейнелеу, ойлау, қиял. Академик Н.Н. Моисеевтің айтуынша, интеллект, ең алдымен, мақсат қою, ресурстарды жоспарлау және мақсатқа жету стратегиясын құру болып табылады (Мәдени-философиялық энциклопедия, 2007).

Интеллект – шындық пен әрекеттестікті сәйкестендіре отырып, мақсатқа жету жолындағы тұлғаның өз әрекеттерін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау қабілеттері.

Платон адамның интеллектін өлшейтін, өңдейтін және әрқашан шешім шығаратын құрылғы деп есептеді. Беркли интеллектіні адамдар мен жануарлар объектіні қабылдаған кезде ешқашан геометриялық есептеулерге жүгінбейді, сондықтан адамның интеллектуалды жүйесінде адамға қатысты денелерді кеңістік пен уақытқа бағдарлауға байланысты есептеулерді бірден жасауға қабілетті құрылғы ретінде сипаттаған (Адам, 1983).

З. Фрейд бейсаналықтың бар екенін дәлелдеп, психоанализді ашты. Бейсаналықтың ашылуынан оның қалыпты жағдайда да жұмыс істейтіндігі туралы қорытынды шығады. З. Фрейд интеллектуалды қызмет барысында сана мен бейсаналық өзара әрекеттесетінін анықтаған алғашқы ғалым болды. Осылайша, жоғары интеллект бейсаналықтың құрылымдық элементі және адамның бүкіл интеллектуалды жүйесінің негізгі орталығы болып табылады (Фрейд, 1922).

К.А. Абульханова-Славская іс-әрекет теориясы шеңберінде интеллект белсенділіктің механизмдерін түсіндірудің басқа тәсілдерін ұсынды. Ғалымдар тұлғалық факторларды: міндеттерді шешуге әсер ететін эмоциялық, мотивтік, мақсат қою үдерістері деп бөліп көрсетті. Зияткерлікке адамның танымдық іс-әрекетінің қасиеттері мен сапасының тұрақты және дамып келе жатқан өмірлік тапсырмаларды шешу қабілетін жатқызамыз.

В.Н. Дружинин сондай-ақ когнитивті қабілеттерін жүйелендіруге мүмкіндік береді. Интеллект: 1) кез келген іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын және басқа да қабілеттер негізінде жатқан проблемаларды тану мен шешудің жалпы қабілеті; 2) индивидтің барлық танымдық қабілеттерінің жүйесі: сезім, қабылдау, есте сақтау, елестету, ойлау, қиял; 3) «ақылда» сынамасыз және қатесіз мәселелерді шешу қабілеті. В.Н. Дружинин интеллект табиғатын түсіндіруде негізгі бағыттарды жүйелей келе, олардың барлығы «бір-біріне қатысты сабақтастық және толықтырушылық тәртібінде қалыптасып, дамыды», – деген қорытындыға келеді. Бұл факт және зияткерлік ұғымы анықтамаларын талдау, зияткерлік тек регулятивтік қызметті ғана атқарып қоймай, іс-әрекеттік және әлеуметтік табиғаты бар, ал оның қалыптасуы адамның тұлғалық дамуынан бөлінбейді, – деген қорытынды жасайды (Дружинин, 2005:78).

Қ.Б. Жарықбаев пен О. Сангилбаевтардың пікірлері бойынша, интеллект – ақыл-ой қабілеті, адамның ақыл-ой бастамасы. Интеллект (парасат, зият), (лат. *Intellectus* – ақыл, парасат,

ес) – индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық процестер кіреді. Интеллект адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Зияткерлік ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.

С.Қ. Бердібаева интеллектіні адамның шығармашылық іс-әрекетінің шарты ретінде қарастырды. Ол «интеллект» ұғымын көпжоспарлы, интеллектінің формалды сипаттамасы – қабілет, ал мазмұнды сипаттамасы – нақты танымдық іс-әрекет, – деп тұжырымдайды (Бердібаева, 2006:49). Бұдан шығатын қорытынды интеллекті шығармашылық қабілетпен тығыз байланысты. Және де оқу-танымдық әрекеттердің орындалу барысымен сабақтас.

Эмоциялық интеллекті ғылыми зерттеу тарихы эмоциялар мен интеллектті бөлек зерттеуден басталады. Кейінірек психологияда аффект пен интеллекттің байланысы қарастырыла бастады, тек ХХ ғасырдың 90-жылдарында эмоциялық интеллект психологиялық зерттеудің тәуелсіз пәні ретінде ерекшеленді.

Эмоциялық интеллектті зерттеу шетелдік психология аясында кеңінен қолданылуда. Ғылымдағы алғашқы және ең танымал ЭИ теориясының моделін психолог ғалымдар Д. Майер, П.Сэловей және Гоулман ұсынған, сондай-ақ «эмоциялық интеллект» терминін енгізді. Бұл модельдің бастапқы нұсқасы 1990 жылы ұсынылды, олар «эмоциялық интеллекті – өзінің және басқалардың сезімдері мен эмоцияларын бақылау, оларды ажырата білу және осы ақпаратты ойлау мен іс-әрекетке бағыттау үшін пайдалану қабілеті», – деп тұжырымдай келе, әлеуметтік интеллекттің ішкі құрылымы ретінде анықтады.

Бұл модельдегі эмоциялық интеллект келесі қабілеттерден тұрады:

- 1) эмоцияларды дұрыс қабылдау, бағалау және білдіру қабілеті;
- 2) ойлау тиімділігін арттыру үшін сезімге қол жеткізу және ояту мүмкіндігі;
- 3) эмоцияларды түсіну қабілеті;
- 4) эмоцияларды саналы түрде реттеу, эмоцияларды басқару қабілеті (Salovey, 1990:211).

Д. Гоулман «Теория эмоциональной компетентности» атты еңбегінде эмоциялық интеллект адамның өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін алынған ақпаратты пайдалануда айналасындағы адамдардың эмоцияларын түсіну мен өзін-өзі

тану, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі анықтау және бастамашылық қабілеті деп түсіндірді (Гоулман, 2008:56).

1988 жылы Рувен Бар-Он ол алғаш рет EQ (эмоциялық интеллект) эмоционалдылық коэффициентті белгілеуді енгізді. Эмоционалдылық интеллект коэффициенті ақыл ой интеллекттің IQ коэффициентіне ұқсас болып келеді. Рувен Бар-Он эмоциялық интеллект адамға өмірлік жағдаяттарды сәтті шешуге мүмкіндік беретін барлық танымдық емес қабілеттер деп түсінеді. Ол эмоциялық интеллекттің бес компонентін анықтады: өзін-өзі тану, тұлғааралық дағдылар, бейімделу қабілеті, стресстік жағдайларды басқару, басым көңіл-күй (Bar-On, 2006:25).

О.И. Власова эмоциялық интеллект – эмоциялық сезімталдықтан, хабардарлықтан және эмоцияларды басқару қабілетінен тұратын эмоциялық когнитивті қабілет, бұл адамға психикалық денсаулық сезімін, психикалық үйлесімділік пен жеке өмірдің әл-ауқатын басқаруға мүмкіндік береді (Андреева, 2011:388).

Қазақстандық ғылым педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.К. Мынбаева «Эмоциялық интеллектіні арт-терапия құралдарымен дамыту» атты ғылыми мақаласында эмоциялық интеллектінің: мотивациялық, когнитивтік, эмоционалды-техникалық деген үш компонентін көрсеткен. Мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектін арт-терапия құралдары арқылы дамытудың моделін ұсынған (Мынбаева, 2017:37)

Г.М. Молдахметова мен Д.С. Тойымбетова эмоциялық интеллектінің тұлғааралық өзара әрекеттесудегі маңызын зерттеп, эмоциялық интеллект – бұл өзінің және өзгелердің эмоцияларын түсіну, өзінің және өзге адамдардың эмоцияларын басқара білу қабілеті, осы білімдерді белгілі бір мәселелердің туындау себебін анықтауда тиімді қолдану және оларды шешу деген тұжырым айтады (Молдахметова, 2015). А.А.Төлегенова эмоциялық интеллектіні психофизиологиялық тұрғыдан, Д.Б. Ахметова оқыту стратегиясы мен компоненттерінің эмоционалды интеллектіге әсерін білім берудің құзыреттілік тұғыры арқылы түсіндірген.

Интеллект – ойлау қабілеті, ал ойлау — интеллектті жүзеге асыру процесі болып табылады. Ойлау – объективті шындықты жанама және жалпыла сөз арқылы тану. Ойлау күрделі процесс: алдымен сыртқы құбылыстардың моделі жасалады, содан кейін одан келесі құбылыстардың моделі шығады. Сонымен, адам алдымен қабылдау саласына қатысты бірінші

модельді, содан кейін жанама арқылы екінші модельдің бейнесін шығарады. Тікелей берілгеннен тыс таным ретінде ойлау биологиялық және психологиялық бейімделудің күшті құралы болып табылады. Ойлау – бұл жоғары танымдық психикалық процесс. Оның мәні адамның шығармашылық рефлексиясы мен шындықты өзгертуі негізінде жаңа білімді қалыптастыру үдерісі болып табылады. Сонымен ойлау тұлғаның шығармашылық белсенділігінің ең жоғарғы түрі.

Ойлау дегеніміз Платонның айтуы бойынша, «жан әрекеті», ол зерттеу әрекетіндегі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтарды сезіне отырып, адам жанын ойлауға жетеулеудің қажетті шарты болып табылады Сонымен бірге, Платонның пікірінше, мазмұнды диалог құру үшін ойлау жүйрік болуы тиіс, одан соң жақсы идея шынайы ойға әкелетіні мәлім. Аристотель адам ойлауының шыңы – ойдың тазалығы, түсінуі, сезінуінде деп пайымдады (Краткая философская энциклопедия, 1994).

И. Кант өз еңбектерінде тәжірибелік сын тұрғысынан қарастыра отырып, ойлау формасын түрлендіретін субъект ретіндегі адам болмысын белгілейді (Кант, 2007:736).

Зерттеу жұмысымыздың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеген ғалымдардың ішінде С.Л. Рубинштейн зияткерлік дамуда ойлау теориясын пайымдаған еді. Балалардың интеллекті қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі дейтін Ж. Пиаженің пікірі дұрыс болғанымен, қазір мәдени-тарихи теорияны жақтаушылардың (Л.С. Выготский) пікірі бойынша, бала оқуға кірген соң оның ойы мен интеллекті үлкен өзгеріске ұшырайды: бала қарапайым, яғни табиғи ойдан мәдени ұғым арқылы ойлауға көшеді деген пікір алынады.

Ойлау әрекетін жоспарлы қарастырудың негізгі идеясы – іс-әрекет құрылымын объективті ашу үшін оларды алдын ала берілген көрсеткішпен (П.Я. Гальперин) қалыптастыру керек. Л.С. Рубинштейннің: «ойлау өзіне жоспарлау функциясын қабылдайды», – деп айтқан пікірімен ұштастырамыз. Л.С. Выготский ойлаудың жоспарлау функциясының туындауы эгоцентрикалық тілге байланысты, бұл тіл бала іс-әрекеті арқылы алға жылжиды, жоспарлау функциясының құнды табысы және алдағы әрекетке бағыттауы жүреді.

Қазақстандық психолог және педагог ғалымдар еңбектерінде ойлаудың семантикалық теориясын дамыту бірлескен диалогтық тұжырымдамада танымдық іс-әрекет тұрғысы-

нан зерттеген С. М. Жақыпов, таным жүйесіндегі есте сақтау, ойлау және сөйлеу мәселесін А.М.Ким, танымдық іс әрекеттегі ойлау процесін Н.К. Тоқсанбаева, ойлау іс-әрекетінің педагогикалық жүйесін С.Т. Каргин, бірлескен зерттеу іс-әрекетін Т.Ф. Акбашев, А.Б. Терекулов ойлаудың бағытын қарастырған.

Сыни тұрғыдан ойлау- тапсырманы орындау барысында қандайда бір ықтимал шешімдерді үздіксіз талдаудан және сынаудан тұратын танымдық стратегия. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе шығармашылық ойлауға қарама-қайшы келеді, оны әр түрлі ойлаумен байланыстыруға болады, мұнда сана мен ассоциация компоненттері мәселелерді шешудің қандайда бір жаңа нұсқасын жасау үшін қолданылады. Ол айырмашылықтар, мәселен шығармашылық ойлау жаңа түсініктер мен шешімдер қабылдауды талап етсе, сыни ойлау бар идеялардың кемшіліктері мен қателіктерін тексеріп, дұрыс шешімді талап етеді.

Психологиядағы сыни ойлау – танымдық операциялар мен процестердің жиынтығы болып табылады. Сыни ойлау когнитивті және интеллектуалды қызмет ретінде формальды логика, когнитивті психология, шығармашылық психология, шешім қабылдау теориясы мен дәлелдеу практикасы, риторика ережелері мен әдістеріне негізделіп зерттелген. Мәселен, психолог . Халперн өзінің «Сыни ойлау психологиясы» кітабында: «Біз жаңа ұғымдарды жасау үшін біреулер жасаған білімдерге сүйенеміз. Біз жаңа ұғымдар мен идеялармен танысқан сайын бұрынғы қабылдаған білімдердің мазмұнын салыстыра отырып жаңалай түсеміз. Сондықтан сыни ойлауда жаңадан алынған ақпаратты біз өзіміздің ішкі білімді құру үшін қолданамыз», – деп түсіндіреді (Ваганова, 2019:79).

Д. Клестер бойынша сыни ойлаудың 5 сипаттамасы бар:

- біріншіден, ол өзбеттілік ойлау;
- екіншіден, ол жалпылама ойлау;
- үшіншіден, ол дәлелді ойлау;
- төртіншіден, ол бағалау және мәселелік ойлау;
- бесіншіден, ол әлеуметтік ойлау (Трубинова, 2015:948).

В.Р. Руджеро сыни ойлауды сезіммен байланыстырады. Бұл ғылымда өте танымал факторлардың бірі болып саналады. Сезімдер мен ойлау бірін-бірі толықтырады. Сезімдер ой тұжырымдарды дамытуға керемет серпін береді. Ал ойлау ең қолайлы сезімдерді анықтауға көмектеседі. Сезімдер де, ойлау да табиғи, деген-

мен, ойлаудың сезімге қарағанда өздігінен пайда болуының деңгейі төмен (Скурыгина, 2016:710).

Қазақстанда бірқатар ғалымдар сыни ойлауға келесідей анықтама береді:

Т.Ю. Лифанова «сыни тұрғыдан ойлау» интеллектуалды ұйымдастырылған процесс, түсіну, қолдану, талдау, жалпылау немесе белсенді бағалау қызметіне бағытталған, бақылау, тәжірибе арқылы алынған немесе жасалған ақпараттар жиынтығы, қарым-қатынас іс-әрекетінде басшылық ретінде рефлексия, пайымдау немесе сендіруді қалыптастыру арқылы түсіндіреді. М.И. Карагозина өзінің зерттеуінде: «сыни ойлау – жүйелі қатынас арқылы іс-әрекетке негіз болатын анықтамаларға, алынған ақпаратты түсіну, бағалау, талдау және синтездеу, бақылау, тәжірибе, рефлексия немесе пайымдау нәтижесіне ие болуы мүмкіндігі», – деп түсіндіреді (Карагозина, 2014:76).

Д.У. Кусаинов зерттеулерінде сыни ойлау – ақпаратты логикалық тұрғысынан талдай білу, шынайы дәлелді шешімдер шығара білу, алынған шешімдер мен нәтижелерді стандартты және стандартты емес жағдайларда, сұрақтар мен мәселелерде қолдана білу делінген (Кусаинов, 2018:241). Н.Т. Оспанова еңбектерінде сыни ойлауды адамның қайшылықтарды анықтау, мәселені өз бетінше тұжырымдау, оны шешу мүмкіндігін анықтау қабілетімен сипатталатын шындықты бағалау процесі ретінде анықтайды.

М.И. Акмусаева А. Алимовтың еңбектеріндегі сыни ойлаудың түрлі жағдайлардағы көрінісіне сипаттама береді:

- кез келген проблема не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастыру;
- кез келген проблема не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында;
- өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
- кез келген проблема не ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда;
- бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);
- өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда (Акмусаева, 2019:522).

М.И. Махмутовтың зерттеулері бойынша сын тұрғысынан ойлау кезінде адамда келесідей қабілеттер көрініс табады: – басқа адамның пікірінің (ойының) немесе мінез-құлқының жалпы қабылданған пікірге немесе мінез-құлық қалыптарына, олар туралы өзіндік ұғымдарға сәйкес келмейтінін көру; – теорияның, ереженің шынайылығын немесе жалғандығын, пікірінің

қайшылығын түсіну және оларға қатысты әрекет ету; – жалған, өтірік ұғымдарды шынайы, дұрыс ұғымдардан ажырата білу; – мәнді, тапсырманы талдау және т.б. үлгісін көрсету (Искакова, 2018). Сыни ойлау негізінен психикалық үрдіске жататындықтан, қабілеттен көрінетіндіктен мәселеге байланысты топтағы немесе ұжымдағы адамдардың пікірлермен келісуі немесе келіспеуі алдағы іс-әрекетті таңдауына негіз болады. Сонымен, сыни ойлау психикалық үрдіске жатады, тұлғаның қоршаған ортада болып жатқан құбылыстар мен ақпараттарға талдау жасай отырып, болжамдар құрып, шешім табуда жаңа тиімді жолдарды жобалай білу қабілеті деп қорытындыласақ болады.

Эмоциялық интеллектті ойлаумен байланысын философтар тұжырымдарында кездестіреміз.

1920 жылдары Р. Торндайк алғаш рет ғылымға «әлеуметтік интеллект» ұғымын енгізіп, басқа адамдарды түсіну қабілеті және басқаларға қатысты жеке мінез-құлық көрсете білуі деп түсіндірді. 1930 жылдары Р. Торндайк пен Ч. Хант адамның бетіндегі әртүрлі эмоциялар өрнектері бар сызбалар негізінде сезімдерді анықтау арқылы әлеуметтік интеллектті зерттеудің алғашқы әрекеттерін жасады (Bandura, 1977:191).

1940 жылы Д. Векслер «Жалпы интеллекттегі интеллектуалды емес факторлар» атты еңбегін жазды, онда ол адамның интеллектуалды әлеуетін толық бағалау үшін интеллектпен тікелей байланысты емес ойлаудың басқа жақтарын да ескеру қажет деп тұжырымдады. Д. Векслер сонымен қатар когнитивті және аффективті дағдылар ұғымдарын енгізді және ақыл-ой қабілеттерін вербалды және вербалды емес қабілеттерге бөлді, олар өз кезегінде әр адамда жеке дами алатынын түсіндірді (Wechsler, 1958:297). 1948 жылы американдық ғалым Р. Липер алғаш рет эмоциялық ойлау идеясын ұсынды, тіпті өзінің алғашқы сауалнамасын жасады. Р. Липердің негізгі идеясы кез-келген логикалық ойда эмоциялық ойдың үлесі бар деген қозғарасты ұстанды.

Әйгілі психолог ғалымдар Л.С. Выготский мен С.Л. Рубинштейннің жұмыстары эмоциялық интеллектті ойлаумен байланыстыра зерттеуге арналған. Эмоциялы интеллект түсінігін пайымдауда көптеген психолог ғалымдар сыни ойлау әрекетімен тығыз психологиялық байланысын атап өтеді. Айталық, Л.С. Выготский «ойлау тек инстинктивті және эмоциялық негізде пайда болады және эмоцияның күштерімен басқарылады, яғни аффективті және интеллектуалды процестер бірлікте әрекет ететіні туралы айта-

ды, ол біріншіден, психикалық дамудың барлық кезеңдерінде өзара байланыста және өзара әсер етуден тұрады, екіншіден, бұл байланыс динамикалық және ойлаудың дамуындағы әр кезеңнің аффекттің дамуындағы өзіндік кезеңде де жүріп отырады» деп пайымдайды (Жарықбаев, 2011:624).

С.Л. Рубинштейннің пікірінше, ойлаудың өзі эмоциялық және рационалдылықтың бірлігі болып табылады. Сонымен қатар эмоциялық интеллект сыни тұрғыдан ойлау өнімділігін реттейтін, проблемалық жағдайда пайда болатын элементі ретінде анықталады.

Эмоциялық интеллект тұжырымдамасы – нейробиологияға негізделген менеджменттегі жалғыз теория болып табылады. Д. Гоулман зерттеулерінде амигдаланың – мидың эмоциялық орталығы- логикалық ойлауға жауап беретін ми қыртысының қызметіне қалай әсер ететінін түсіндіреді. Гоулман өзінің кітабында ақыл мен сезімді біріктіретін адамдар өз қызметінде ең тиімді шешімдер қабылдайтынын дәлелдейді. Бұл эмоциялық интеллекті жоғары адамдар шешім қабылдауда жақсы, сыни жағдайларда тиімді әрекет етеді және бағынушыларды жақсы басқарады, осы әрекеттер олардың қызмет сатысымен өсуіне ықпал ететіндігін түсіндірді. Ғалымдардың есептеуі бойынша сыни ойлаудың механизмі, IQ – анықтайтын ойлау операцияларын қосу болып табылады. Сондықтан олар: «IQ арқылы жұмысқа орналасады, ал EQ арқылы қызметте өресіздер», – дейді (Сарипбекова, 2018:137).

Сыни ойлау механизмі пайымдау мен дәлелдеу процесін анықтайтын ойлау операцияларын қамтиды: мақсат қою, мәселені анықтау, гипотеза жасау, дәлелдер келтіру, оларды негіздеу, салдарын болжау, балама көзқарастарды қабылдау немесе қабылдамау. Оған күрделі және түсініксіз жағдайлар мен мәселелерді синтездеу, талдау, бағалау және жеткізу үшін негізгі интеллектуалды дағдыларды (білім мен түсінік) қолдану мүмкіндігі кіреді. Бұған мәселені анықтау, жағдайды нақтылау, дәлелді талдау, мәселені жан-жақты зерттеу, шешімдерді бағалау критерийлерін әзірлеу және ақпарат көздерінің сенімділігі, жалпылауды болдырмау жатады. Сыни ойлау әрекеті кезінде әртүрлі интеллектуалды дағдылардың дамуына назар аудару керек. Себебі сыни ойлау кезінде оқушыда эмоцияларын игере алу арқылы тиімді қарым- қатынас жасау қабілеті мен эмоциялық күйге еліктеу қабілеті біріктіріледі.

Нәтижелері мен талқылама

Ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу арқылы біз философтар, педагогтар, психологтар зерттеулеріндегі берілген пайымдауларды саралай келе, сыни ойлау арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытудың психологиялық маңыздылығының қажеттілігі туралы мәселе туындағанын көруге болады. Сонымен қатар, шолу барысында мынадай қайшылықтар да кездесетінін айта кетуіміз қажет. Бұл қайшылықтар көбінесе, туындаған проблеманы көрсетуде балама шешімдерді таңдау және қабылдау жағдайында әрекет ете білу, мәлімдемедегі жалған шешімдерді теріске шығара білу, мәселелерді

шешудің ерекше әдісін таба білу, ұтымдылыққа негізделген және жасалуы мүмкін қорытындыларды талдау, шығармашылық ойлау әрекеттерін ұйымдастыра білуге негізделеді. Сыни ойлаудың барлық кезеңдерінде эмоциялық интеллектімен басқара отырып, сыни ойлаудың құндылығын арттыру қажеттігі туындайды.

Сондықтан психологтар оқу үдерісінде оқушылардың сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектін жетілдіруде оның ізденушілік, зерттеушілік қызметі арқылы шығармашылық ойлауының дамуына ықпалы жоғары болатындығын көрсетеді. Сыни ойлауға эмоциялық интеллектінің қатынасын 2-суретте көруге болады.



2-сурет – Интеллектуалдық үдеріс қатынасы

Интеллектуалдық үдеріс қатынастары сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектіне психологиялық әсерін анықтауда келесі құрылымдардың мазмұнын ашып көрсетуге мүмкіндік берді:

- Эмоциялық интеллект қабілеті – бұл адамның өз эмоцияларын қабылдау және реттей алу қабілеті, ұжым мен топ мүшелерінің көңіл-күйін реттей отырып өзара әрекет етуге бағыттауы. Сонымен қатар, адам өмір бойы эмоциялық интеллектін реттей алады және арттыра алады.

- Сыни ойлау – жеке шығармашылық қабілет – кез-келген субъект үшін өзінің ойлауын бағалауға деген ұмтылыс пен қабілеттің шынайылығы, ашықтығы, дәйектігі. Және түрлі жағдайларда ақылға қонымды шешімдер қабылдап, өзгелердің пікірін талдауға қабілетті, ізденімпаз, үйренуге деген ниеттің болуы.

- Жеке тұлғаның ой-өрісі – бұл ақпаратты тиімді өңдеудегі, жаңа ойлардың туындауын білдіреді. Заттар мен құбылыстардың арасында-

ғы байланыстарды мақсатты бейнелей отырып, туындаған қызықты және қажетті байланыстарды талдау, салыстыру, түсіну, іздеу.

- Оқушының қарым-қатынасы – заманауи білім беруден денциялардың бірі – «көп білетін адамнан» «өмірлік әрекетке бейім» шығармашыл тұлға болу, әлеуметтік ортамен белсенді қарым-қатынас орната отырып интеллектін өздігінен дамытатын, кез-келген ортада эмоцияларын игере білетін «сыни ойлай» алатын тұлғаны сипаттау.

Психология ғылымында сыни ойлау адамның интеллектуалды іс-әрекетін бақылау, бағалау және сараптама жүргізу арқылы оқушының ойлау әрекетінің өрістеуіне ықпал ететін бағыт болып анықталады. Б.В. Зейгарник оны күтілетін нәтижелерге сәйкес әдейі әрекет ету, сәйкестендіру, тексеру және өз әрекеттерін түзету қабілеті ретінде сипаттайды; В.А. Шамис, Е.А.Ходос, А.В. Бутенко – саналы басқару ретінде, Б.В. Зейгарник сыни ойлауды ақыл-ой әрекетімен байла-

ныстыра келе, оны адамның жеке-мотивациялық саласының сақталу көрсеткіші, ал И.И. Кожуховская – «адамның жеке қасиеттерінің шыңы» деп атайды.

Аталған пайымдаулар бізге оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық механизмдерінің мазмұнын құрылымдауға мүмкіндіктер ашты. Білім беру

жүйесінде оқушының оқу, интеллектуалдық үдерісін реттеу, әрекетін пайымдау үшін оның жетістікке жетудегі оқу-тәрбие үдерісінің нәтижесі, таным әрекеттері (ойлау, мотивация, есте сақтау, қабылдау) арқылы нәтижеге жету, қарым-қатынас орнату негізінде эмоциясын реттеуге бағыт-бағдар береді. Оны 3-сурет арқылы бердік.



3-сурет – Сыни ойлаудың психологиялық механизмдері

Осы суретте белгіленген сыни ойлаудың психологиялық механизмдерін жүзеге асыруда төмендегідей ұсыныстар беруге ықпал етті:


- психологиялық кеңес, психодиагностика, мониторинг инструменттерін дұрыс таңдау;
- оқушының оқу әрекеті, қабілеті және қарым-қатынасына қатысты түзету жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушыны жетістікке жеткізу, нәтижеге баулу, эмоциясын реттеуге бағыт-бағдар беру;
- ұсынылған оқушының сыни ойлаудың психологиялық механизмі арқылы эмоциялық интеллектінің өсу динамикасын бақылау және бағалау.

Бұл негізге алынған ұсыныстардың ішінде оқушының сыни ойлаудың психологиялық

механизмі арқылы эмоциялық интеллектінің өсу динамикасын бақылау және бағалаудың нәтижесін алуда мектеп оқушылары тартылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысына 31 респонденттер қатысты. Эксперименттік топта – 16, бақылау тобында – 15. Эксперименттің анықтаушы кезеңінің қорытындысы бойынша эксперименттік және бақылау топтарындағы қатысушы респонденттер өздігінен сыни ойлау қабілетін желілдіруде эмоциялық интеллект туралы түсініктерінің қалыптасу қасиеттерінің жоғары деңгейі сәйкесінше 8%, 14%-ды, ал орташа деңгейі 57%, 47%-ды, ал төменгі деңгейі 35%, 39%-ды құрады. Яғни екі топтағы оқушылардың деңгейі шамамен бірдей.

Кесте – Анықтаушы эксперимент нәтижесі бойынша бастапқы өлшемінің жалпы қорытындысы

Деңгей	Топ	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
		Саны	Сапасы	Саны	Сапасы
Төмен		13	35 %	14	39 %
Орташа		21	57 %	17	47 %
Жоғары		3	8 %	4	14 %



4-сурет – Анықтаушы кезеңінің зерттеу нәтижелері

Келесі кезеңдегі қалыптастырушы экспериментіміздің нәтижесін шығару үшін ұсынылған сыни ойлаудың психологиялық механизмдерінің тиімділігі эксперимент барысында енгізіліп, жүзеге асырылды. Эксперимент тобында төменде аталған әдістемелер бойынша, ал бақылау тобында дәстүрлі қолданыстағы әдістеме бойынша жүзеге асты.

Эмоционалдық интеллектіні дамытудағы сыни ойлаудың мына әдістемелерін сұрыптап алдық:

- «ЭМИн» эмоциялық интеллект сауалнамасы (Д. В. Люсин);
- Майер-Саловой-Карузо тесті 4 фактордан тұрады: эмоцияны анықтау, ойлау тиімділігін арттыру, эмоцияны түсіну, эмоцияны басқару;
- Р. Бар-Онның «EQ» – сауалнамасы;
- М. А. Манойловның «МЭИ» эмоциялық интеллект диагностикалау әдістемесі және т.б.;
- С. Шабанов пен А. Алешиның (EISAI) эмоциялық интеллект сауалнамасы;
- СТТ-1 сыни ойлау тесті әдістемесі (Н. Непряхина).

Эксперимент және бақылау тобында аталған әдістемелерді қолдану негізінде оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытудағы сыни ойлау әрекеті психологиялық қатынасы мынадай көрсеткіштер берді:

– балама көзқарастарды жинақтай алады. Әр түрлі пікірлерді, олардың оң және теріс жақтарын салыстырмалы талдау жасау әрекеті жоғарылады.

– Сыни эмпатиясын білдіру деңгейі көтерілді. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың табыстылыққа жету, мотивтендіру қажеттілігі жоғарылай түсті.

- қарым-қатынасқа түсуде өзін-өзі бағалау, өзгенің пікірін қабылдау және оған баға беру дағдылары күшейе түсті.

- оқушы өз сыни пікірін ортаға салу, өзгенің пікірін тыңдай білу, өз ойын нақты шешім қабылдауда фактілерге сүйене отырып эмоциясын игере алуға машықтанды.

– сыни және логикалық ойлау қабілетінің динамикалық өсуі анықталды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытынды бөлігінде аталған сыни ойлаудың психологиялық механизмдер әрекетін оқушылар бойында эмоциялық интеллект деңгейін бақылау және бағалау жұмыстары жүзеге асырылды.


Аталған әдістер бізге болашақта эмоционалдық интеллектіні, сыни ойлауды зерттеуге арналған әдістемелерді қолдануға негіз болды. Олар:

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытынды бөлігінде оқушылардың эмоциялық

интеллектін дамытудағы сыни ойлау әрекетін бақылау мен бағалаудың психологиялық бас өлшемі – өздігінен дамуға қабілетті оқушы тұлғасының қалыптасу динамикасы анықталды.

Кестеде және суретте көрсетілген қорытынды бойынша эксперимент тобындағы бас өлшем

– өздігінен дамуға қабілетті оқушы тұлғасының қалыптасу деңгейлерінің эксперимент алдындағыларымен салыстырғанда көтерілгендігіне көзіміз жетті. Яғни, осы топтағы оқушылардың жоғары және орта деңгейі өсіп, ал төменгі деңгейі керісінше азайған.



5-сурет – Зерттеудің анықтаушы және бақылау кезеңдерінің деректерін салыстырмалы талдау

Тәжірибелік эксперимент оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлау әрекетін қалыптастыру әдістемесі мен сыни ойлаудың психологиялық механизмі арқылы эмоциялық интеллект деңгейлерін анықтау үшін сұрыптап алынған бақылау және бағалау әдістемесінің дұрыстығын растады.

Қорытынды және тұжырымдама

Оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық әсерін зерделеуде, біз қарастырған теориялық-әдіснамалық негіздерін пайымдап беруде синергетикалық, мотивациялық, когнитивті тұғырлардың маңыздылығы мен мәні ашып көрсетілді.

Синергетикалық тұғыр – тұлғаны өзін-өзі дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе болып табылады. Оның негізгі міндеті – тұлғаның ойлау іс-әрекеттерін өзі ұйымдастыруының жалпы заңдылықтары мен принциптерін анықтауында. Яғни, әртүрлі сипаттағы жүйелерде, соның ішінде оқу-тәрбие процесінде болатын өзін-өзі ұйымдастыру іс-әрекеттеріне негізделеді. Себебі, қоғамда сана-сезіммен дарынды адамдар әрекет етеді, белгілі бір мақсаттар қояды, олардың мінез-құлқының мотивтері мен құндылық белгілерін басшылыққа алады. Сондықтан өз іс-әрекеттерін кездейсоқ жағдайда ұйымдастыра алуы оқушылардың эмоциялық

интеллектісін басқаруда сыни ойлау механизмдерінің жүйелі дамуының негізін құру арқылы эмоцияларын игере алуында.

Мотивациялық тұғыр – психологияда мотивтердің оқу іс-әрекетінде перспективалық мақсаттар қоя білуімен, тұлғалық қасиетте мінез-құлқының тұрақтылығымен, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңе білумен сипатталады. Оқушы оқу іс-әрекеті барысында мәселелерді шешуде стандартты емес тәсілдері тауып, ойлаудың икемділігін көрсете отырып, шығармашылық тұрғыда шешімдер қабылдауға бейімделеді. Сана мен іс-әрекеттің бірлігі үшін ең маңыздысы – интеллектуалды бастама мен танымдық қызығушылыққа негізделген мотивацияның қалыптасуы жүзеге асады.

Когнитивті тұғырда адамды «түсінуші, талдаушы», яғни адам ақпараттық әлемді түсінуге, бағалауға, қолдануға, талдауға белсенді қатысушы ретінде танылады. Психологияда когнитивті көзқарасты ұстанатын психологтар адамның ішкі факторларға немесе сыртқы әлемдегі оқиғаларға соқыр және механикалық жауап беретін машина емес екенін сана мен іс-әрекет бірлігі арқылы дәлелдеп, керісінше, адамның ақыл-ойына: нақты шындық туралы ақпаратты талдау, салыстыру, шешім қабылдай отырып, алдында тұрған мәселелерді шешу әрекеті екендігін дәлелдейді. Ойлау іс-әрекетінің дамуы сатылап, жүйелі жүзеге асатын процесс. Интеллектінің

дамуы оқушының білетіні мен түсінуге ұмтылысы арасындағы тепе-теңдікті үнемі іздеудің нәтижесінде пайда болады.

Әдіснамалық тұғырларды зерделеуде зерттеу жұмысының нысанына сәйкес «интеллект», «ойлау» «эмоция», «эмоциялық интеллект», «сыни ойлау» ұғымдарға философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан жан-жақсы түсініктер берілді. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттердегі «эмоциялы интеллект» ұғымына психолог ғалымдардың берген анықтамаларына талдау жасалып, ЭИ – ақыл-ой әрекетін жақсартуда эмоциялар туралы ойлау және оларды пайдаланудағы когнитивті қабілеттердің қалыптастыру мен эмоцияларды дәл ажырату, оларды ойлауға ықпал ету, эмоциялар мен эмоциялық білімді түсіну және эмоциялық және интеллектуалды өсуге ықпал ету үшін эмоцияларды саналы түрде реттеу мүмкіндіктері бар екендігі дәлелденді.

Психикалық ұғымдарға түсінік беру негізінде зерттеу жұмысының нақты тұжырымы ретінде оқушылардың эмоциялық интеллектін дамы-

туда сыни ойлаудың әсерін теориялық тұрғыдан негізделуіне ықпал ететін психологиялық механизмдерін анықтайтын сызба берілді.

Жүргізілген тәжірибелік эксперимент нәтижелері оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуда сыни ойлау әрекетін қалыптастыру әдістемесі мен сыни ойлаудың психологиялық механизмі арқылы оқушының эмоциялық интеллект деңгейлерін анықтауда сұрыптап алынған бақылау және бағалау әдістемелерінің тиімділігін дәлелдей түсті.

Қорыта келе, алға қойылған зерттеудің міндеттерін шешуде интеллектуалдық үдерісте оқудан әрекетке, қабілет пен нәтижеге жетуде сыни ойлау әрекетінің психологиялық механизмдері арқылы оқушының оқу-тәрбие үдерісінде табыстылыққа жету көрсеткішін арттыруда таным әрекеттері ерекше қызмет атқаратыны сипатталды. Яғни, аталған механизм көрсеткіштері оқушының сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектін дамытудағы психологиялық қатынасын ашуға мүмкіндік беретіні айқындалды.

Әдебиеттер

Токаев К.К. «Жаңа Қазақстан-бұл зияткерлік жастардың жаңа идеяларын іске асыру және еліміздегі жаңа технологиялық процестердің ілгерілеуі» атты баяндамасы. – 2023ж. <https://dknews.kz/ru/politika/220144-novyy-kazahstan-eto-voploshchenie-novyh-idey>.

Абульханова-Славская К.А. Принцип субъекта в отечественной психологии // *Психология. Журнал Высшей школы экономики*. – 2005. – Т. 2. – № 4. – С. 3–21.

Адам Д. *Восприятие, сознание, память. Размышления биолога* / пер. с англ. – М.: Мир, 1983.

Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии. – Новополюк: ПГУ, 2011. – 388 с.

Акмусаева М. И. Сыни ойлаудың тұлға дамуындағы ролі // *Молодой ученый*. – 2019. – № 24 (262). – С. 519-522. <https://moluch.ru/archive/262/60459/>

Бердібаева С.Қ. Таным субъектісі: танымдық процестер. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – Б. 49 – 75.

Бобкова Н. Г. Эмоциональный интеллект как ключевая компетенция современного менеджера // *Журнал Бизнес-образование в экономике знаний*. – 2016. – №2.- С. 8.

Ваганова О.И., Кутепов М.М., Седова А.С. Развитие критического мышления как одна из основных целей современного образования // *Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования*. -2019. – №2 (36).- 79 с.

Bar-On R. The Bar-On model of emotional-social intelligence (ESI) // *Psicothema*. – 2006. – Vol. 18. – Sup. 1. – P. 13-25.

Гоулман Д. Эмоциональный интеллект.- М.: АСТ: Москва: Хранитель, 2008. – С. 56– 478.

Дружинин В.Н. Модель интеллектуального диапазона. Интеллект и общество Психология // *Журнал Высшей школы экономики*. – 2005. – Том 2. – №3. – 78 с.

Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С. Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.

Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. –384 б.

Искакова Л.М. Сыни ойлаудың негізгі принциптері мен әдістерінің зияткерлікті дамытуда алатын ролі // *II. Uluslararası Abay Kunanbayoğlu Kazak Kültürü, tarihi ve edebiyati Sempozyumu*. – Ankara, 2018. – Kasım 11-14. – Б. 19-25.

Кант И. Критика чистого разума / пер. с нем. Н. Лосского. – М.: Эксмо, 2007. – 736 с.

Карагозина М.И. По страничкам «исследование в действии» // *Білімдегі жаңалықтар*. – 2014.- №2 (46). – С. 68-76.

Келли Д. А. Теория личности: психология личностных конструктов. Когнитивный подход в психологии / пер. с англ. – СПб.: Речь, 2000. – 249 с.

Краткая философская энциклопедия. – М.: Издательская группа «Прогресс» – «Энциклопедия», 1994. – 576 с.

Кусаинов Д.У. *Некоторые вопросы совершенствования критического мышления преподавателя современной высшей школы // Қазақстан жоғары мектебі*. – 2018.– №3. — С. 236-241.

Мәдени-философиялық энциклопедия /Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова ж.т.б. -Алматы, 2007.

Молдахметова Г.М., Тойымбетова Д.С. Эмоциялық интеллект феномені және оның тұлға аралық өзара әрекеттесудегі маңызы 2015ж. <https://artpsy.kz/emotsiyaly-intellekt-fenomeni-zh-ne-on/>

Муратбаева Г.А. Жиырма бірінші ғасырдағы білім беру жүйесінің дамуына ойлау мен іс-әрекет әдіснамасының ықпалы // *Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы.* – 2021. – №3 (68) – Б. 4-17.

Мынбаева А. К. Гумерова А. Развитие эмоционального интеллекта средствами арт-терапии // *Вестник КазНУ. Серия Педагогические науки.* – 2017. – №2 (51). – 37 с.

Нысанбаев Ә.Н. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Психологиядағы ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы. Л.С. Выготский. Мәдени-тарихи тұжырымдама. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2005. – 1-том. – 464 б.

Сарипбекова А.Т. Развитие эмоционального интеллекта у подростков / Наука и современность: сб. ст. по матер. междунар. науч.- практ. конф. 20 апреля 2018 г. – Таганрог: Перо, 2018. – С. 134-137.

Скурыгина С. К. Взгляды зарубежных ученых на сущность критического мышления // *Молодой ученый.* – 2016. – № 7 (111). – С. 708-710. <https://moluch.ru/archive/111/27218/>

Salovey P., Mayer J.D. Emotional intelligence // *Imagination, Cognition, and Personality.* – 1990. – Vol. 9. – P. 185-211.

Соловьянюк-Кротова В. Г. Синергетический подход к вопросам развития личности // *Знание. Понимание. Умение.* – 2013. – № 4. – С. 303–308.

Соловьева В.А. Мотивационная сфера личности // *Вестник КГУ им. Н.А.Некрасова.* – 2008. – Том 14. – 59 с.

Трубинова Е. А. Технология развития критического мышления в учебно-воспитательном процессе // *Молодой ученый.* – 2015. – № 23 (103). – С. 946-948. <https://moluch.ru/archive/103/23578/>

Фрейд З. Лекции по введению в психоанализ. – М. – 1922. – Т. 1–2. http://rusneb.ru/catalog/000199_000009_009052059/

References

Tokayev K.K. (2023) Zhana Kazakhstan-bul ziyatkerlik zhastardyn zhana ideyalaryn iske asyru zhane elimizdegi zhana tehnologiyalyk procesterding ilgerileyui [New Kazakhstan – the implementation of new ideas of entrepreneurial youth and the development of new technological processes in our country]. Retrieved from. <https://dknews.kz/ru/politika/220144-novy-kazahstan-eto-voploshchenie-novyh-idey>

Abulkhanova-Slavskaja K. A. (2005). Princip subyektu v otechestvennoi psikhologii [The principle of the subject in Russian psychology]. *Psikhologiya. Zhurnal Vysshei Shkoly Ekonomiki*, no 2(4), pp.3-21.

Adam D. (1983) Vospriyatie, soznanie, pamyat: Razmyshleniya biologa [Perception, consciousness, memory: Reflections of a biologist]. M.: Mir.

Akmusaeva M. I. (2019) Syni oylaudyng tulga damuyndagy roli [The role of critical thinking in the development of students]. *Molodoy Ucheniy*, no 24(262), pp. 519-522. <https://moluch.ru/archive/262/60459/>

Andreeva I. N. (2011) Emotsionalnyi intellekt kak fenomen sovremennoi psikhologii [Emotional intelligence as a phenomenon of modern psychology]. Novopolotsk: PGU.

Bandura A. (1977) Self-efficacy: Toward a unifying theory of behavioral change // *Psychological Review*, no 84(2), pp. 191-215.

Bar-On R. (2006) The Bar-On model of emotional-social intelligence (ESI). *Psicothema*, 18(Suppl.), pp.13-25.

Berdibayeva S. K. (2006) Tanyam subyektis: tanyndyk protsester [The subject of cognition: cognitive processes]. Almaty: Kazakh Universiteti, pp. 49 – 75.

Bobkova N. G. (2016) Emotsionalnyi intellekt kak klyuchevaya kompetentsiya sovremennogo menedzhera [Emotional intelligence as a key competence of a modern manager]. *Zhurnal Biznes-obrazovanie v ekonomike znani* no 2, pp. 8.

Druzhinin V. N. (2005) Model intellektualnogo diapazona. Intellekt i obshchestvo Psikhologiya [Model of intellectual range. Intelligence and society]. *Zhurnal Vysshei Shkoly Ekonomiki*, no 2(3), 78 p.

Freud S. (1922) Lektzii po vvedeniyu v psikhoanaliz [Lectures on psychoanalysis]. Moscow, vol. 1-2/Retrieved from. http://rusneb.ru/catalog/000199_000009_009052059/

Goulman D. (2008) Emotsionalnyi intellekt [Emotional intelligence]. AST: AST Moskva: Hranitel, pp. 56-478.

Iskakova L. M. (2018). Syni oylaudyng negizgi printsipteri men adisterining ziyatkerlikti damytuda alatyn roli [The role of basic principles and methods of critical thinking in the development of entrepreneurship]. In II. Uluslararası Abay Kunanbayoğlu Kazak Kültürü, Tarihi ve Edebiyatı Sempozyumu. Ankara, November 11-14, pp. 19-25.

Kant I. (2007) Kritika chistogo razuma [Critique of pure reason]. Moscow: Eksmo, 736 p.

Karagozina M. I. (2014) Po stranichkam “issledovanie v deystvii” [Through the pages of “action research”]. *Bilimdegi Zhanalyktar*, no 2(46), pp. 68-768.

Kelly D. A. (2000) Teoriya lichnosti: psikhologiya lichnostnykh konstruktov. Kognitivnyy podkhod v psikhologii [The theory of personality: The psychology of personal constructs. Cognitive approach in psychology] (Trans.). St. Petersburg: Rech, 249 p.

(1994) Kratkaya filosofskaya entsiklopediya [A concise philosophical encyclopedia]. Moscow: Progress – Encyclopedia Publishing Group, 576 p.

Kusainov D. U. (2018) Nekotorye voprosy sovershenstvovaniya kriticheskogo myshleniya prepodavatelya sovremennoy vysshey shkoly [Some issues of improving critical thinking of a modern higher education teacher]. *Kazakhstanskaya Vysshaya Shkola*, no 3, pp. 236-241.

(2007) Madeni-filosofiyalyk entsiklopediya [Cultural and philosophical encyclopedia]. Almaty.

Moldakhmetova G. M., Toyymbetova D. S. (2015) Emotsiyaly intellekt fenomeni zhane onyng tulga aralyk ozara arekettesudi magnyzy [The phenomenon of emotional intelligence and its importance in interpersonal interaction]. Retrieved from/ <https://artpsy.kz/emotsiyaly-intellekt-fenomeni-zh-ne-on/>

Muratbayeva G. A. (2021) Zhiyrma birinshi gasyrdagy bilim beru zhuyesinin damuyna oylau men is-areket adisnamasynyn ykpaly [The importance of thinking and action methodology in the development of 21st-century education]. *Khabarshy. Pedagogicheskiye Nauki Series*, no 3(68), pp. 4-17.

Mynbayeva A. K., Gumerova A. (2017) Razvitie emotsional'nogo intellekta sredstvami art-terapii [Development of emotional intelligence through art therapy]. *Vestnik KazNU. Seriya "Pedagogicheskiye Nauki"*, no 2(51), 37 p.

Nysanbayev A.N. (2005) Psikhologiya: Adamzat aqyl-oyynyn kazynasy. 10 tomdyq: Psikhologiyadagy aqyl-oy areketin satylap qalyptastyru teoriyasy. 1-tom. L.S. Vygotskiy. Madeni-tarihi tuzhrymdama [Psychology: The treasury of human intellect. 10 volumes: Theory of mental activity in psychology, vol. 1 L.S. Vygotsky. Cultural-historical approach]. Almaty: Taymas Baspa Uyi, 464 p.

Salovey P., Mayer J. D. (1990) Emotional intelligence. *Imagination, Cognition, and Personality*, no 9, pp. 185-211.

Saripbekova A. T. (2018) Razvitie emotsional'nogo intellekta u podrostkov [Development of emotional intelligence in adolescents]. In *Nauka i Sovremennost: Sb. st. po mater. mezhdunar. nauch.- prakt. konf. (April 20, 2018)*. Taganrog: Pero, pp. 134-137.

Skurygina S. K. (2016) Vzgl'yady zarubezhnykh uchenykh na sushchnost' kriticheskogo myshleniya [Views of foreign scientists on the essence of critical thinking]. *Molodoy Uchenyy*, no 7(111), pp. 708-710. <https://moluch.ru/archive/111/27218/>

Solovyanyuk-Krotova V. G. (2013) Sinergenticheskiy podkhod k voprosam razvitiya lichnosti [A synergetic approach to the issues of personality development]. *Znanie. Ponimanie. Umenie*, no 4, pp. 303-308.

Solovyeva V. A. (2008) Motivatsionnaya sfera lichnosti [The motivational sphere of personality]. *Vestnik KGU im. N.A. Nekrasova*, no 14, 59 p.

Trubinova E. A. (2015) Tekhnologiya razvitiya kriticheskogo myshleniya v uchebno-vospitatel'nom protsesse [Technology of critical thinking development in the educational process]. *Molodoy Uchenyy*, no 23(103), pp. 946-948. / <https://moluch.ru/archive/103/23578/>

Vaganova O. I., Kutepov M. M., Sedova A. S. (2019) Razvitie kriticheskogo myshleniya kak odna iz osnovnykh tselei sovremenno obrazovaniya [Development of critical thinking as one of the main goals of modern education]. *Innovatsionnaya Ekonomika: Perspektivy Razvitiya i Sovershenstvovaniya*, no 2(36), 79 p.

Wechsler D. (1958) The measurement and appraisal of adult intelligence. The Williams Wilkins Company, 297 p.

Zharykbayev K. B., Sangilbayev O. S. (2011) Psikhologiya: Entsiklopediyalyk sozdik [Psychology: Encyclopedic dictionary]. Almaty: Kazakh Entsiklopediasy, 624 P.

Zharykbayev K. B., Sangilbayev O.S. (2006) Zhantanu ataularynyng tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of idioms]. Almaty: Sozdik-Slovar, 384 p.